

ТРАНСПЕРСОНАЛДЫ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДІНИ МИСТИЦИЗМ (СТАНИСЛАВ ГРОФТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

С. Р. Нұртаза

АНДАТПА

Мақалада ХХ ғасырдың 60-шы жылдары Станислав Гроф негізін салған трансперсоналды психология ағымының діни мистицизммен байланысы проблемасы зерттеледі. Қазіргі таңда «интегралды психология» әдістемесі бойынша батыстық психологияның барлық бағыттарының тәжірибелерін үйлестіретін кез келді. Сол сияқты психология, философия және әлемдік мистицизм мектептерінің білімдерін интеграциялау үрдісі де адамзат тарихының императиві болып бағалануда. Өзінің эксперименталдық, практикалық сипатымен ерекшеленетін трансперсоналды психология адам санасының кеңейтілген картографиясын негіздеді, оның құрамына жеке тұлғалық психика деңгейінен басқа «трансперсоналды», «перинаталды» деңгейлер енгізілген. Әлемге әйгілі психолог, дәрігер-психиатр, гуманист-ойшыл С. Гроф академиялық ғылымның негізінде жатқан материалистік-механикалық парадигманы сынға алып, типологиялық жағынан діни мистикалық жүйелердің дүниепайымына жақын жаңа парадигманы негіздейді. Сонымен қатар, осы мектептің аясында қалыптасқан «холотроптық тыныс алу» әдісі адамға өзін-өзі тану мен психологиялық дерттерден айығу үшін арнайы жасалған заманауи психотехника ретінде ұсынылды. Трансперсоналды психология өзінің парадоксалдығымен, теориялық жағынан революциялық сипатта көрінуімен академиялық психология, дүниежүзі ғылыми қауымдастығының басым көпшілігі тарапынан толық мойындалмағанымен, С. Грофтың еңбектері әлемде үлкен қызығушылықпен қабылданады және оның жақтаушыларының қатары көбеюде. Мақалада шаманизм, суфизм практикаларындағы психотехникалар мәселесі қозғалады.

Түйін сөздер: трансперсоналды психология, дін, мистицизм, дүниетаным, С. Гроф, психологиялық мектептер, холотроптық тыныс алу, сананың қалыптан тыс халдері.

Трансперсональная психология и религиозный мистицизм (по трудам Станислава Грофа)

Аннотация. В статье исследуется проблема связи трансперсональной психологии, основанной С. Грофом в 60-е годы XX века, с религиозным мистицизмом. Согласно интегративной методологии в психологии настало время для согласования опыта и достижений всех направлений западной психологии, а также интеграции знаний психологии, философии и школ мирового мистицизма, ибо эта тенденция отражает императив человеческой истории. Выделяющаяся своим экспериментальным, практическим уклоном трансперсональная психология обосновала расширенную картографию человеческой психики, в содержании которой входят помимо личного (биографического) уровня трансперсональный и перинатальный уровни сознания. Всемирно-известный психолог, врач-психиатр, мыслитель-гуманист С. Гроф подвергает критике лежащую в основе академической науки материалистически-механическую парадигму, обосновывая новую парадигму, типологически близкую к миропредставлению религиозно-мистических систем.

Разработанный в рамках данной школы метод холотропного дыхания предлагается как современная психотехника, созданная для самопознания и исцеления от психологических недугов. Ввиду парадоксальности, кажущейся революционности своей теории трансперсональная психология не нашла полного признания в академической психологии, со стороны большинства мирового научного сообщества. Тем не менее труды С. Грофа воспринимается в мире с большим интересом, и ряды его сторонников растут. В статье затрагиваются вопросы психотехники в практиках шаманизма и суфизма.

Ключевые слова: трансперсональная психология, религия, мистицизм, мировоззрение, С. Гроф, психологические школы, холотропное дыхание, измененные состояния сознания.

Transpersonal Psychology and Religious Mysticism (Based on the Works of Stanislav Grof)

Abstract. The article explores the connection between transpersonal psychology, founded by S. Grof in the 1960s, and religious mysticism. According to the integrative methodology in psychology, the time has come to

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразиялық ұлттық университет,
Астана, Қазақстан

Автор-корреспондент:
С.Р. Нұртаза,
samatnurtaza@gmail.com

Сілтеме:
Нұртаза С.Р. Трансперсоналды психология және діни мистицизм (Станислав Грофтың еңбектері бойынша) // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – Б. 275-286. – DOI: 10.48010/46dey88

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 11/03/2026
Қабылданды: 09/05/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

reconcile the experiences and achievements of all schools of Western psychology, as well as to integrate the knowledge of psychology, philosophy, and world mystical traditions, since this tendency reflects the imperative of human history.

Distinguished by its experimental and practical orientation, transpersonal psychology has established an expanded cartography of the human psyche, which includes, in addition to the personal (biographical) level, the transpersonal and perinatal levels of consciousness. The world-renowned psychologist, psychiatrist, and humanist thinker S. Grof criticizes the materialistic and mechanistic paradigm underlying academic science and substantiates a new paradigm typologically close to the worldview of religious-mystical systems.

The "Holotropic breathwork" method developed within this school is proposed as a modern psychotechnical approach created for self-knowledge and healing of psychological disorders. Due to its paradoxical and seemingly revolutionary nature, transpersonal psychology has not gained full recognition within academic psychology and within most of the global scientific community. Nevertheless, S. Grof's works are received worldwide with great interest worldwide, and the number of his followers continues to grow. The article also touches upon issues of psychotechnics within shamanic and Sufi practices.

Keywords: Transpersonal Psychology, Religion, Mysticism, Worldview, S. Grof, Psychological Schools, Holotropic Breathwork, Altered States Of Consciousness.

Кіріспе

Психология ғылымы талай мағыналы бел-белестерден өткені белгілі. XX ғасырда психоанализ және бихевиоризмге теориялық-әдістемелік балама ретінде қалыптасқан жаңа психологиялық мектептер қатарына ең әуелі Абрахам Маслоудың гуманистік психологиясы, Станислав Грофтың трансперсоналды психологиясы, Роберто Ассаджиолидің психосинтезі жатады. Оларды біріктіретін басты сипат – психология мен психиатриядағы материализмнің ықпалын әлсіретіп, адам санасының жеке тұлғалық психикасынан жоғары тұратын «жоғары саналық» (superconsciousness), «трансперсоналды» (transpersonal), яғни «тұлғадан жоғары» өлшемдерінің бар екенін дәлелдеуге тырысуы, сол сияқты тек вербалды (сөз) әдісі емес, психологиялық науқастарды емдеуде жаңашылдықпен өзге, баламалық әдіс-тәсілдерді іздеуі. Дәл осы аталған ғылыми бағыттардың, әсіресе трансперсоналды психологияның мазмұнында олардың ежелгі шығыс руханияты мен халық медицинасының құнды тәжірибелері мен әдіс-тәсілдеріне жақындығы, дәстүрмен түйіскен тұстары көрініс береді (мысалы, діндердегі медитацияға қатысты ережелері, мистикалық халдерге қол жеткізу мақсатындағы тыныс алу психотехникалары, музыка немесе «магиялық» шөптерді пайдалануы). Сонымен бірге, кейбір зерттеушілер «алғашқы трансперсоналды психолог» ретінде дін психологиясының негізін салушы, «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» [1] кітабын жазған атақты Уильям Джеймсті атайды.

С. Гроф (S.Grof, 1931 ж.туған) – әйгілі чехиялық және американдық ғалым, психолог және психиатр, өзінің кәсіби карьерасын психоаналитик ретінде бастап, кейіннен АҚШ-та, Калифорнияда тәжірибелі психиатр ретінде «сананың өзгерген күйлеріне» (altered state of consciousness, аббревиатура - ASC) қызығушылығы оянып, бастапқыда құрамында

психо-белсенді заттары бар психоделикті (LSD) сыннан өткізуінің нәтижелерін, кейін «холотроптық тыныс алу» техникасының маңызын ғылыми негіздеумен трансперсоналды психология бағытының негізін салды (1960-1970 жж.). Осы іргелі бағытты С. Гроф «жаңа психология», «төртінші психология» ретінде насихаттаумен айналысады. Академиялық психология мен ресми медицина тарапынан С. Грофтың әсіресе теорияларына, «революциялық парадигмасына» қарсылық тууы заңды еді, оның батыл ойлары ресми түрде толық мойындалмаса да, демократиялық батыс қоғамында С. Гроф жүйесінің адамның өзін-өзі тануына зор мүмкіндіктер ашатынын, оның психотерапияға оң ықпалын, пайдалы тұстарын қолдайтын ғалымдар, ғылыми топтар баршылық [2].

Медицина докторы, философия докторы С. Гроф өз жақтастарымен бірге (Абрахам Маслоу, Энтони Сутич) Халықаралық Трансперсоналды психология ассоциациясын құрды (Association for Transpersonal Psychology, 1971). 1996 жылы Британдық психологиялық қоғамының жанынан трансперсоналды психология бөлімі құрылды, яғни жаңа бағыт әлемдік академиялық ортада белгілі деңгейде мойындала бастады. Әйгілі психолог С. Гроф қазір Сан-Францискодағы Калифорния интегралды зерттеулер институтының профессоры қызметінде. Ол Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, Ресей психологиялық қоғамының құрметті мүшесі болып сайланған [3]. Философиялық көзқарастары қайшылықты, парадоксалды көрінсе де, С.Гроф өзінің авторлық таңбасы бар, холотроптық (holotropic – тұтастыққа қарай жылжитын) сана түрі туралы терең тұжырымдарымен психологияда ерекше із қалдырған бірегей ғалым әрі экспериментшіл-психолог. Ол беделді ғылыми журналдарға 140 мақала жариялаған автор. С. Грофтың «Психотерапия» [4], «Өлімнің ар жағында» [5], «Трансперсоналды көзқарас» [6], «Мидың ар

жағында. Психотерапиядағы өмірге келу, өлім және трансценденция» [7], «Келешектің психологиясы» [8] және т.б. зерттеулері дүниежүзі ғылымында үлкен резонанс тудырған еңбектер. С. Грофтың теориясы мен практикасында қазіргі батыс психологиясы мен ежелгі діни-мистикалық практикалар (шаманизм, буддизм, индуизм, суфизм, т.б.) арасындағы сұхбат, өзара түсіністік мәселесі жиі қозғалады.

Қазіргі таңда Батыстағы интегралды (немесе интегративті) психология атты жаңа әдістемесі бойынша психологиясының барлық бағыттары мен мектептерінің (соның ішінде психоанализ, тереңдетілген психология, гештальт-психология, психосинтез, т.б.) құнды жақтарын, сол сияқты тіпті Батыс пен Шығыстың адам рухы мен санасын танудағы неше мыңжылдық тәжірибелерінің барлығын үйлестіріп, сәйкестендіріп, бір ортақ үлкен жүйеге келтіру қажет деген прогрессивті қағидат негізделді. Осы тұрғыдан трансперсоналды психологияның тәжірибелерінде айғақталған сана феномендерінің, психикалық заңдылықтардың діни мистицизммен типологиялық байланысы мәселесін зерттеудің ғылыми өзектілігі мен әлеуметтік практикалық маңызы айқындалады. Батыл ой-тұжырымдар авторы С.Гроф тек өз мектебін ғана насихаттай бермей, әрдайым пікірлес ғалымдардың еңбектерін атап, әділ баға беріп келеді. Оның ойынша, аса дарынды ХХ ғасырдың философ, психолог, физик, антрополог ғалымдары (К. Юнг, А. Маслоу, Ф. Капра, П. Рассел, К. Уилбер, Дж. Кэмпбэлл, т.б.) ескі материалистік-физикалистік парадигманың (яғни қазіргі адамзаттың ньютондық физика мен декарттық логикаға негізделген жалпы дүниетаным моделі) сынға алынуына алғышарттар жасады. Осыны есепке ала отырып, трансперсоналды психология мэтры болашақта адамзат өзін қоршаған әлемді «қатты материя» емес, «энергиялар паттерндері» ретінде қабылдай бастайды, сөйтіп адам баласына универсумның қалған бөлігімен екеуі арасындағы шекаралар жылжымалы, қозғалмалы болып қабылдана бастайды» деген сенім білдіреді [9, 66 б.].

Трансперсоналды психология деп аталған жаңа тұжырымдама әрі ғылыми бағыттың мән-мағынасын және басты идеяларын ашып көрсету қазіргі отандық психология ғылымын, әсіресе дін психологиясын ілгерілету үшін аса маңызды екені әбден түсінікті. Кезінде материалистік парадигма советтік ғылымның іргетасына айналып, психология ғылымын тоқыратқаны белгілі. «Дін – апиын» деген Маркстің қағидасы КСРО-ға кірген халықтардың санасын улады. Сонымен бірге, батыс психоанализы да (фрейдизм)

адамзатқа әсіресе Шығыс руханиятын, ежелгі даналық ілімдерінің маңызын тиісті дәрежеде бағалауға, мистикалық тәжірибелерді заманауи психотерапия мен өзін-өзі тану әдістемелерге кіріктіруге мүмкіндік бермейтіні де ашылды. Маркс дінді «апиын» десе, Фрейд діннің мәні «невроз» деген, ол (дін) адасушылықтан туындайтын, сананың қалыптан тыс ауытқуының салдары-мыс, ал «Құдайға сену» шындықтың орнын ауыстыратын алдамшы суррогат іспеттес. Осындай жағдайда, біз батыстың ғылыми қауымдастығы арасында жаңаша, сыни ойлайтын ғұламалардың, бірегей психолог-мамандардың сонау ХХ ғасырдың 60-70-шы жылдары ұсынылған, күні бүгінгі шейін қызу талқыланып, насихатталып жатқан баламалық ғылыми-психологиялық теориялары мен әдістемелеріне жіті назар аударып, оларды саралап, өз діни дәстүрлерімізді пайымдау үшін пайдамызға асыруымыз қажет дегіміз келеді.

Ғылыми мақалада С. Грофтың еңбектері және қазіргі трансперсоналды психология мен діни мистицизмге арналған зерттеулердің негізінде С.Грофтың жаңашыл тұжырымдары контекстінде психоанализді толықтыратын «төртінші психологияның» діни-мистикалық дүниетаныммен, соңғылардың «технологияларымен» үндестігі, диалогизмі мәселесі талданады.

Әдіснама

Зерттеудің жалпы теориялық-әдістемелік негіздемесіне қазіргі заманда (ХХ-ХХІ ғасырлар) философия мен ғылым теориясында қатысты ең жаңа тұжырымдамаларды жатқызамыз. Ең алдымен ол атақты американдық философ Кен Уилбердің интегралды ілімі [10] Интегралды психология деп психологияға заманауи жалпылама тұрғыны айтамыз, оның мәні осы күнге шейін психологиялық білімдердің, мектептердің барлығының құнды, пайдалы жақтарын неointegrativті дүниетаным аясында бірлестіру, мәселен, ол даму психологиясы, эволюциялық психология, тереңдетілген психология, трансперсоналды психология, сол сияқты Шығыс пен Батыстың ежелгі мистикалық ілімдерінің құндылықтары мен тәжірибелерін психологиялық жүйеге интеграциялау. С. Грофтың теориясына, мектебіне осы тұрғыда қарау, біздіңше, оңтайлы, перспективалық ұстаным.

Теолог әрі философ Тейер де Шарден (1955 ж. қ.б.) өзінің «Адам феномені» кітабында материя мен сана бірлігін негіздеуге тырысты; материя – рухани бастаудың бейнебір матрицасы, психикалық энергия қуаты [11, с. 24]. Жалпы, Шығыс пен Батыстың озық ойшыл-

дары дискурсивті, логикалық сана моделінің шектеулігін бұрыннан байқап, Сананың тұтастығы (холистік, холотроптық мәні) туралы жаңа ой-тұжырымдарды негіздеп келеді. Тұтастанған (космостық) сана моделінің қайта жаңғыратынын кезінде Ресейдің В. Соловьев, Н. Бердяев, Н. Рерих сынды философ, руханият танушыларының озық өкілдері негіздеуге ұмтылған. Атақты үнді философы Шри Ауробиндоның Интегралды ілімі де соның тамаша көрінісі [12]. «Ғылымнан Құдайға шейін» еңбегінің авторы Питер Рассел ең жаңа физика теорияларының діни көзқарастарды растайтынын сөз етеді [13]. Сол сияқты зерттеуде Карл Густав Юнгтың еңбектерінің идеялары басшылыққа алынды [14; 15]. Мистицизм феномендеріне қатысты дін психологиясын зерттеушілердің (мәселен, У. Джеймс, М.Элиаде, Р.Уолш, Ф.Фрэзер, т.б.), мәдени антропологтардың, нейрофизиологтар, кванттық психологтар және сонымен қатар классикалық емес физика өкілдерінің түсініктемелері әрдайым құрметке лайық деп есептейміз [16].

Негізгі бөлім

Психиканың жаңа картографиясы деген не?

Гуманистік психология арнасында ХХ ғасырдың 60-шы жылдары дүниеге келген трансперсоналды психологияның басты ерекшелігі – адам санасының ажырамас бөлігіне жеке тұлғалықтан жоғары трансперсоналды, транс-эголық («рухани әлем», діни архетиптер, этникалық жады) сезім-тәжірибелерді де жатқызуында және оларды қазіргі заманғы психологиямен байланыста зерттеуді насихаттауында. Мұндай тәжірибелерге сананың «шарықтау тәжірибелерін» (peak experiences) немесе діни дәстүрлерде кездесетін сананың әртүрлі қалыптан тыс психологиялық халдерін де кіргізуге болады. Трансперсоналды психологияның басқа мектептерден бірден-бір принципті айырмашылығы – Батыстың ғылыми психологиясын дәстүрлі Шығыстық білімдерімен қайшылықсыз жүйеге келтірудегі таза ниеті, нақты қадамдары, зерттеу нәтижелері. Басты қағидаты: Сананың денеден емес, Универсум-Ғаламнан бастау алатыны, санаға өз тұтастығына ұмтылу сипаты тән екендігін, Эго-ның кәдімгі санасының шекарасы психосеанстар кезінде кеңейіп, кез-келген сана формасына, тіпті «ғарыштық санамен» бірегейленуі мүмкіндігін дәлелдейді. Трансперсоналды психология психотерапияға, психотехникаларға, парапсихология мен медитация әдістемелеріне жақындығы байқалған

жаңа бағыт болғандығы себебінен кейде оған «неомистицизм», «квази-ғылым» айдары тағылады. Өз кезегінде «жекеден жоғары» психологияның жақтаушылары ньютондық-картезиандық парадигмаға құрылған әлемдік дүние картинасын батыл сынға алып, батыс ғылымын шығыс руханиятын, сол сияқты баламалық психологиялық тәжірибелермен шынайы санасып, айғақталып жатқан көптеген «әдеттегіден тыс» психикалық құбылыстарға объективті баға беруге шақырады.

С.Грофтың психотерапия, психиатрия саласының білгірі ретіндегі өзінің түсіндірмесі бойынша, ХХ ғасырда психологияның гуманистік және трансперсоналды бағыттары дәстүрлі (бұрыннан қалыптасқан) психология мен психиатрияға тән вербалды (яғни сөз деңгейіндегі) және артық интеллектуалдандырылған бағытының шын мәнінде өнімсіздігіне заңды реакция ретінде қалыптасты. Олар (жаңа психологиялық әдістер) нақты тәжірибе, вербалды емес өзара әрекеттесу, және сауықтыру процесінде физикалық дененің қатысуын бөлек алып арнайы қарастырды. Бұл әдістер революциялық әдістер болып саналғаны рас. Трансперсоналды психологияның әдістемесі мен техникасы сырқат адамның бойындағы энергияны тез жұмылдырып, реттеуге, эмоционалды һәм психосоматикалық блоктарды (құрсауларды) босатуға негіз жасады. Сөйтіп жеке психиканың тереңдігінде жатқан эго-дан тыс «перинаталды» және «трансперсоналды» матрицалармен бетпе-бет келуге, сөйтіп «түйткілдерді шешуге» мүмкіндік ашты [8, р. 204]. Ондай психологиялық тәжірибелердің мазмұны парадоксалды болғандықтан батыс мәдениетінің үйреншікті таптаурындарына, классикалық түсініктерге қайшы келуі заңды еді.

Психика, сананың ерекше феномендерін трансперсоналды психология бірнеше топқа бөліп, жіктейді, олар сананың «кеңеюі» және сананың «тарылуы»; сананың «кеңеюінің» өзі екі түрлі: уақыт желісінде кеңею тәжірибесінің мазмұнында адам баласы өзінің жатырдағы эмбрион күйі, бұрынғы өткен ата-бабаларының тәжірибелері, жер бетіндегі эволюция мен тарих оқиғалары, өмірге қайталанып келу тәжірибелерін (реинкарнация), болашақты болжау, көріпкелдік, «уақыт арнасындағы саяхат» сынды халдерді басынан кешіреді деп саналады. Ал егер сананың «кеңеюі» кеңістік өлшемінде жүзеге асырылса, адам өз Эго-сының шеңберінен шығып өзін өзге тұлғалармен, адамдар, жануарлар және өсімдіктермен теңдестіріле алады, планетарлық және галактикалық санаға ену, бүкіл тіршілік санасымен бірігу, телепатия

мүмкіндіктеріне қол жеткізеді-мыс. Сананың, психиканың «тарылу» феноменінің мән-мағынасы дененің жеке органы (мүшесі), тін, жазуша деңгейін нақты сезіну, бірегейлену, сол арқылы, мысалы, ауру-індеттің себебін табу делінеді. Қалыптан тыс сана тәжірибелеріне сол сияқты рухани, медиумдық тәжірибелер, адамнан өзге, болмыстағы жоғары дамыған рухани жаратылыстармен (аруақтар) кездесу, архетиптік және мифтік сезім-күйлер, Ғаламдық Сана, Ұлы Бостықтың (буддистік Шуньята – Ақиқат, абсолюттік болмыс) мәнін түсіну сияқты құбылыстар жатқызылады.

Сөйтіп, трансперсоналды психология өкілдері практикалық психология мен психиатрия бағытындағы әдістері арқылы ашқан сана тәжірибелерінің негізінде сананың кеңейтілген картографиясын ұсынып отыр. Психиканың жаңа картографиясына «жеке сана» деңгейімен қоса «перинаталды сана» (анасының құрсағында жатқан болашақ нәресте тұлғасының сана-сезімі), «трансперсоналды сана» (ата-бабалары, нәсілдік, ұжымдық тарихи жады), «рухани сана» (трансценденттік, иляһи) деңгейлері кіреді. Сананың ерекше халдеріне қол жеткізуде медитация, аскеттік өмір салты, тыныс алу техникаларын игеру, интуитивті сананы дамытудың маңызы зор деп есептелінеді.

Трансперсоналды психологияның дәстүрлі психология мен психиатрияны сынға алуы. «Жаңа парадигма», т.б. әсіре жаңашыл тұжырымдары

Станислав Грофтың ең алдымен тәжірибелі дәрігер-психиатр, психологияның профессоры, ойшыл ғалым ретінде қазіргі заманда әлі үстемдік құрып тұрған жалпы ғылыми парадигма – материалистік-механикалық тұжырымдаманы сынға алуына арнайы тоқталу қажет. С. Грофтың айтуынша, «Батыс ғалымдары Ғаламды (*Universe*) көбінесе жансыз, тұлғасыз, механикалық жүйе, өзі-өзі жасаған және табиғи һәм механикалық заңдарға бағынатын бейнебір супермашина ретінде сипаттайды. Бұл контексте өмір (тіршілік), сана мен ақыл – небәрі материяның кездейсоқ дерлік туындылары болып көрінеді» [17, с. 236].

«Мидың ар жағында. Психотерапиядағы өмірге келу, өлім және трансценденция» атты әйгілі кітабында С.Гроф дәстүрлі психиатрия және психологияның дін мен мистицизмге көзқарасы батыс ғылымының механикалық-материалистік бағдарлануынан туындағанын айтады. «Егер Ғаламда материя бастапқы десек, ал өмір мен сана тек оның кездейсоқ туынды-

лары деп есептелсе, онда болмыстың рухани өлшемі шынайы мойындалуы мүмкін емес» [9, с. 357-58]. Трансперсоналды психологияның іргесін қалаушы ғалым қазіргі жалпы ғылыми-философиялық көзқарас (парадигма) бойынша психика мидың функциясы деп есептелуі туралы кекесінмен (ирония) былай жазады: «біз, адамдар, миллион галактикалардан тұратын Ғаламның қатардағы бір аспан денесіндегі, аса маңызымыз жоқ жәй тұрғындары екенбіз, сонымен бірге біз жасушалар, тіндер мен мүшелерден құралған жоғары дамыған жануарлар және биологиялық машиналар ғана екенбіз; сол сияқты адам болмысының қазіргі ғылыми түсінігі мынадай көзқарасты қабылдауға бізді мәжбүрлейді: сана – ми органының физиологиялық қызметі, психиканы инстинктивті табиғаттың бейсаналы күштері басқарады» [9, с. 358].

С. Гроф өзінің ғылыми-философиялық интуициясын іске қосып, психологияның даму сатыларына, нәтижелеріне өзінің сыни бағасын береді. Ол Батыс өркениетінің ғылым тарихындағы «үш төңкеріс» деп аталатын адамды материалистік «орнына» қойған үш теорияны еске салады. Іргелі үш төңкерістің авторлары – Коперник, Дарвин және Фрейд (Freud). Фрейдтік төңкеріс адам психикасын қарапайым базальдық инстинкттердің туындысы деген қағиданы ғылымға мықтап орнатты. «Батыстың заманауи (жаңа заманнан бүгінгі күнге шейін үстемдік құрған) механикалық-материалистік дүниетанымы аясында дамыған психиатрия мен психология көптеген ірі діндердің мазмұнындағы шектеулі, үстірт наным-сенімдер жинағы мен шынайы терең мистикалық дәстүрлер, ұлы рухани философиялардың (әртүрлі йога мектептері, кашмир шиваизмі, ваджраяна, дзен-буддизм, даосизм, каббала, гностицизм немесе суфизм) екеуінің арасын ажырата алмайтын дәрежеге келді. Батыс ғылымы бұл дәстүрлердің ғасырлар бойы адам психикасын жүйелі бақылау, эксперимент жасау және теориялар құруды біріктіре отырып (оның өзі ғылыми әдістемеге жақын мәнерде) адам санасын зерттеуінің жемісі екеніне соқырлық танытып отыр» [9, с. 358]. Сөйтіп, өзінің бұрынғы дағдысы бойынша, Батыс психологиясы «руханияттың кез келген формасын ол қандай дұрыс түзіліп әрі негізделіп тұрса да, «ғылыми емес» деп үзілді-кесілді жоққа шығарады. Механикалық ғылым контекстінде руханилық тұрпайы ырымшылдыққа, надандыққа телініп немесе клиникалық психопатологияға теңестіріледі», – деп қынжылады С. Гроф.

Жарты ғасырдан астам клиникалық психиатрия мен психотерапияда үлкен тәжірибе

жинаған С.Грофтың осы уақыттың ішінде біртіндеп діни мистицизм, ежелгі шамандық практикаларда (мысалы, Американың үндістерінде), йога мен буддизм, тіпті кейбір ежелгі христиан немесе ежелгі гректердің секталарында, мистериялар мазмұнында орын алған, мыңжылдық тәжірибеден өткен мистикалық халдерге көзқарасы өзгере бастады. Себебі, трансперсоналшы-ғалымдардың айтуынша, олар мистикалық халдерге өте ұқсас немесе тіпті дәл сондай сана құбылыстарын «холодроптық тыныс алу» деп аталатын психотехника барысында пациенттер бойынан бақылауға (сыртқы көріністер, сұхбат кезінде олардың баяндауы) және тіпті өздері де (дәрігерлер) сол практикаларды қолданумен ерекше күйлерді сезінуге қол жеткізген екен. С.Грофты материалистік парадигма мен вербалды эго-психологияны қатты сынауына жеке басынан өткен нақты рухани тәжірибелер де итермелеген сыңайлы. Оның айтуынша, тіпті жас кезінде психоделикті сыннан өткізуге арналған медиктер тобының құрамында ол психоделик LSD-ні қабылдаған сәтте лабораториялық жағдайда кенеттен... үнді-буддистік терминде «дхармакая» аталатын рухани деңгейді (халді), яғни «болмыстың рухани мәнін» ұғыну мүмкіндігіне ие болған (буддизмдегі ең биік рухани тәжірибелердің бірі), сол сияқты кейін ол медитация, тыныс алу, т.б. әдіс-тәсілдермен де сол сияқты тәжірибелерге қол жеткізгенін айтады.

Өкінішке орай, С. Грофтың пікірі бойынша, ресми психиатрия адамдардың терең рухани сенімдерін екі жақты бөліп қарайды: батыс емес қоғамдарда ол артта қалушылық пен ырымшылдықпен түсіндірілсе, дамыған батыс қоғамы мүшелері арасында ұшарасатын осы секілді діни сенімді түсіндіру үшін ресми ғылым дереу психоанализ әдістемесіне жүгінеді: діннің пайда болуының түп-тамыры нәресте және балалық шақтағы шешілмеген қақтығыстарда жатыр-мыс; адам санасындағы «құдайлар» ұғымы ол әкешешенің сұлбасының инфантильды бейнесінің көрініс беруі, дінге сенушілердің құдайларға қарым-қатынасы дегеніміз жетілмеудің және сабилік тәуелділіктің белгісі, ал діни ғұрыптар мен әрекеттерді жабысқақтық невроздың ауыртпалығымен салыстыруға келетін қауіпті психосексуалды импультстермен күрес процесін меззейді-мыс... [9, с. 359].

Кез-келген терең рухани тәжірибені батыс ғылымының, академиялық психологияның патология (нормадан ауытқу) деп қарауын трансперсоналды психология өкілдері қате ұстаным деп бағалайды. Зигмунд Фрейд дінді ұжымдық жабысқақтық неврозы деп түсіндіргені іргелі

түсінік ретінде ресми психологияға енген болатын. Кейін, мысалы, белгілі психоаналитик Франц Александер 1931 жылы өзінің мақаласында буддистік медитациядағы халді өзінен-өзі туындаған кататония (психо-ауытқу, мелшіп қатып қалу, ступор) деп түсіндірген. «Әртүрлі дәстүрлердегі ұлы шамандарды шизофрениктер немесе эпилептиктер деп сипаттады, ал барлық белгілі әулиелер, пайғамбарлар мен діни ұстаздарға әртүрлі психиатриялық айдар тағылды», – деп жазады профессор С. Гроф [9, с. 359]. Осы жерде өз тарапымыздан кезінде ресейлік автор К. Казанский «Суфизм с точки зрения современной психопатологии» атты зерттеуін жариялағанын еске салғымыз келеді. Оның мазмұнында нақшбандия, хуфия, мәулауия, т.б. тариқаттарының дәруіш-сопыларының практикаларына тән сана құбылыстарды, атап айтқанда, зікір, хәл тәжірибелерін, сол сияқты мінез-құлық модельдерін психофизиологиялық заңдылықтармен түсіндіруге тырысып, оларды көбінесе жағымсыз менталдық ауытқулар, психопатология, нейропатология, гиперкинезия, галлюцинациялар, т.б. ретінде көрсетеді, ал суфизм шейхтарының қолданатын психотехникалары, К.Казанскийдің талдауы бойынша, кәдімгі гипноз тәсіліне негізделген [18].

Трансперсоналды психология тұрғысынан, «әлі күнге шейін психиатрия мен психология мистицизмнің шын мәніне жеткен емес, мистикалық дүниетанымды психоз құбылысына жақындату батыс ғылымында әдетке айналған». 1976 жылғы «Психиатрияның дамуы үшін Топтың» («Group for the Advancement of Psychiatry») Есебінде *мистицизм* қалыпты психика (саулық, норма) мен дертті психоздың арасында тұрған күмәнді феномен ретінде ғана аталады. С. Грофтың айтуынша, осы іспеттес «материалистік психиатриялық» критерийлер психологтар арасында еш талғамсыз, шаблонды түрде тіпті Будда, Иисус, Магомед (Мұхамед), Шри Рамана Махарши немесе Рамакришна сынды биік масштабтағы ұлы діни ұстаздарға телініп жатады» [9, с. 360].

С. Грофтың өз еңбектерінде трансперсоналды психологияның ізашарлары, осы бағыттың теориялық-әдістемелік негіздеріне үлкен ықпал еткен атақты психологтар Карл Густав Юнг, Абрахам Маслоу, заманауи философ әрі психолог, интегралды әдістеменің авторы Кен Уилбер, физиканың «даосын» ашқан Фриуф Кэмпбелл, дінтанушы М. Элиаде, жазушы, ойшыл, антрополог Дж. Кэмпбэлл, жүйелер теориясының авторы, философ Эрвин Ласлоны, т.б. құрметпен атап, олардың еңбектерін

жоғары бағалайды. Бірегей ойшыл Кен Уилбер Ғаламның екіұдайлы моделінен бас тартып (яғни рухани және физикалистік «ғарыш»), холистік метапарадигманы ұсынды, іс жүзінде оның ілімі Дін мен Ғылымды түйістірді [10]. Юнгиандық психологияны талдай келе, С. Гроф «тек қана Юнг трансперсоналды сатыға шынымен терең енуге қабілеті жетті. Сөйтіп ол психоаналитикалық теориялардан түбегейлі айырмашылығы бар психологиялық теорияны қалыптастырды. Көп жылдар бойы адам психикасының бейсаналығын тұрақты зерттеуінің нәтижесінде Юнг невроз бен психоздың психопатологиясын ұмыт болған, тысқары шығарылған жеке ғұмырнамалық материалмен дәлме-дәл түсіндіру мүмкін емес екеніне көзі жетті. К.Юнг 1956 жылы өзінің ұстазы Фрейдтің сексуалдық теориясын сына алып, либидо тек биологиялық күш емес, одан ауқымды, ғарыштық принциптің, «өмірлік екпіннің» ықпалы, тарылған шеңбердегі көрінісі ғана деп бағалады [9, с. 223].

Басқаша айтсақ, Юнг фрейдизмдегі жеке бейсаналылықты нәсілдік және ұжымдық бейсаналылық ұғымдарымен толықтырды. Сонымен қоса адам психикасындағы «мифқұрушы» структуралық элементтердің рөлін Юнг баса айтты. Атақты психологтың батыс ғылымына екінші үлесі «архетип» ұғымы болып табылады. Яғни ол адам психикасын әу бастан реттеуші трансмәдени принциптерді анықтап, негіздеме жасады. Гроф Юнгтың «ну-менозное» терминін дәстүрлі (діни) терминологиядан өзгеше, орынды ұғым деп бағалайды. Алайда, С. Грофтың түсініктемесі бойынша, Юнг пен Ассаджидидің психологиялық теориялары әлемдегі материалистік парадигманың негіздерін шайқалтқанымен, түбегейлі өзгерте алмады.

Академиялық психология, фрейдизмге балама (немесе толықтырушы) ілім және практикалық жүйе ретінде қалыптасқан трансперсоналды психологияның Сана туралы тұжырымының мәні неде? Ең әуелі адам санасы, психикасы – биологиялық денеге, ми органына тәуелді емес, ол автономды құбылыс, ал оның түп-мағынасы – Ғаламдық сана, Универсум, Руханият деген басты идея (Осы жерде теледидардың экранынан көрсетіліп, беріліп жатқан бағдарламалар сол төртбұрышты жәшіктің өзінен шығып жатпағаны, ол «жәшік» тек өткізгіш құрал екені мысал ретінде алға тартылады). «Психика ғарыштық сипатқа ие және ол – бүкіл болмысты өзінің «құшағына алған» Ғаламдық Жан - *Anima Mundi*, индивидтік психика осы Ғаламдық Жан, «Үлкен Психиканың» құрамында іспеттес...холотроптық халдерде біз олардың шекаралары шайылып кету

ықтималдығымен *Anima Mundi* әсерін сезе аламыз», дейді С. Гроф, ежелгі Платонның идеясын еске салып [19].

Әрине, мидың, денсаулықтың психика үшін өз орны, маңызы, ықпалы бар. Мәселен, мидың улануы, бас сүйегі мен тіндерінің жарақат алуы адамның нерв-психика жүйесіне кері әсер ететіні жақсы белгілі, салдарынан кейде органикалық психоздар пайда болады (алайда, олар діни тәжірибелерге жақын «сананың қалыптан тыс халдері» тобына жатқызылмайды). Нақты айтсақ, тәжірибелі маман-трансперсоналшы қарапайым менталдық науқас пен «трансформациялық дағдарысты» басынан кешіріп жатқан субъекттің арасындағы принципті айырмашылықты, белгілерді анықтай алады, ал клиникалық медицина екеуін де «ауытқу» деп, химиялық дәрі-дәрмек, транквилизатормен «басып тастау» тәсілімен нәтижесіз емдеуге кіріседі. Сөйтіп, адам психикасының рухани аспектілерінің (трансперсоналдық өлшемді) бастапқылығын, дербестігі мен зор маңызын мойындау тек трансперсоналды психология тарапынан толыққанды жүзеге асырылды.

Әртүрлі себеп, факторлардың ықпалымен адам санасы «қалыптан тыс» жағдайларға, халдерге тап болуы мүмкін (соның ішінде, мысалы, денеге ауырлық түсіру, стресс, ашығу, ұйықтамау, белгілі өсімдіктердің тұнбасын қабылдау, ырғақты дәстүрлі музыка, дене қимылдары). Ол дәстүрлі халық медицинасы мен діни-мистикалық практикаларда ежелден байқалған заңдылықтар, тәжірибелер болып табылады. С. Грофтың «холотроптық тыныс алу» әдісі бойынша лабораториялық жағдайда да ежелгі мистицизмдегі тәжірибелерге өте ұқсас, тіпті айнымайтын психологиялық халдер топтары анықталып, тіркелген. С. Гроф зайыбы Кристина Гроф екеуі ойлап тапқан «холотроптық тыныс алу» әдісін адамның психикасын тазартып, рухани жаңаруына көмектесетін заманауи әдіс деп насихаттады [4]. Сыртқы ықпал, психологтың араласуы осы техникада өте төмен дәрежеде болады («ситтер» - ол тек бақылаушы, төтенше жағдайда ғана араласады), ал бүкіл процесс адамның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі емдеуі, энергиялық құрсауларды батыл ашу; әдістеме, былайша айтқанда, «табиғи» механизмдерді оятуға негізделген.

Трансперсоналды психология адамның санасына өзінің органикалық тұтастығына ұмтылуы заңдылығы тән екенін, соған байланысты жеке Эго-ға байланған логикалық, дискурсивті сана моделінің шын мәнінде өте төмен деңгей екенін дәлелдеуге тырысады. Адам санасы, яғни психикасында өзінің шы-

найы, түпкі холотроптық (тұтастық) жоғарғы деңгейіне жетуге ұмтылысы, объективті үрдісі байқалады, әсіресе ол «трансформациялық дағдарыстар» деп аталатын рухани күйзеліс кезеңдерін басынан кешіріп жүрген сезімтал индивидтердің бойындағы симптомдар арқылы көрініс береді. Бір қызығы, трансперсоналды психология созылмалы наркомания мен маскүнемдікті де шын мәнінде адам жанының материалдық, биологиялық ләззаттарға қанағаттанбай, өзге «жоғары» ләззаттарға, өзінің шын «менін», «мәңгілік бақыт», Жаратқан Құдайын іздеуі, сағынуы жолындағы адасушылық, сол бейсаналы ұмтылысының негізінде қателесіп, Құдайдың суррогатын тауып алуы деп санайды. Осы жерде С.Гроф алкоголизмнен әсіресе діни практикалар жолында айығу мысалдары өте көп екенін дәлелдей келе, атақты У. Джеймстің «Дипсоманияны дінманиямен ғана жеңеді» деген қанатты афоризмін келтіреді (дипсомания – алкоголизмнің ескі атауы, «дінмания» – дінге құштарлық) [17, с. 149].

Трансперсоналды психология бағыты эксперименталды зерттеулермен анықтаған «сананың өзгерген күйлерін» (ASC) ашып сипаттағанда, рухани халдерге ғарыштық біртұтастықты сезіну, денесін баураған «иляһи» энергияға жақындасу, жанталасқан «өмір-өлім» эпизодтары, ғажайып сәулелер, ғарыштық жарықтармен диалогтасу, бұрынғы өмірге келуін (реинкарнация) еске түсіруі немесе архетиптік кейіпкерлермен кездесу сияқты терең мағыналы тәжірибелер мен құбылыстарды жақызады. Әрине, оларды академиялық ресми психология әрдайым психологиялық дертті растайтын психотикалық сана бұрмалаушылығы деп қабылдайды. Ал С. Гроф және оның жақтастарының пікірі бойынша, «төртінші психология» аталуға толық негізі бар осы трансперсоналды психология бағыты ғылымға, адамзаттың игілігі үшін адам санасының «кеңейтілген картографиясын» ұсынды: ол жеке адамның ғұмырнамасынан тыс «перинаталдық» (анасының құрсағындағы) және трансперсоналды, яғни ұжымдық (ұлтық сананың архетиптері, діни эгрегорлар) таңғажайып тәжірибелерін қамтитын психиканың картографиясы, адам санасының жаңа тұжырымдамасы. Профессор С. Гроф перинаталды және трансперсоналды халдердің мазмұны адам психикасының табиғи компоненттері тәрізді, сондықтан егер олармен дұрыс түсінікпен бетпе-бет келіп кездесіп, тәжірибе алса, ол фактордың адам психикасын сауықтыруда күшті әлеуеті әу баста жаратылыста қарастырылғанға ұқсайды деп көрсетеді [9, с. 340]. Осы тұрғыдан С. Гроф психиатр-

дәрігер ретінде ресми медицинадағы психоздар концепциясы (тұжырымдамасын) радикалды түрде қайта қаралуы және осы күрделі құбылыстар қайта бағалануы керек деген қорытындыға келеді [9, с. 340].

С. Гроф «жаңа психологияның» діни-мистикалық дәстүрлермен жақындығын үнемі қозғап, талқылап келе жатқан бірегей психолог-ғалым. Оның пікірінше, осы эмпирикалық психологияның жаңалықтары ғана қазіргі заманғы психиатриядағы қарама-қайшылықтарды ымыраластырып интеграциялауға жол аша алады және психология мен психиатрияның мазмұнды теориясына ұсынуға лайықты [9, с. 364]. Ол теорияның маңызды сипаты «қазіргі заманғы ғылым мен ұлы мистикалық дәстүрлердің тоғысқан жерінен пайда болатын жаңа парадигма» делінеді.

С. Грофтың сананың қалыптан тыс халдері мен діни мистицизм тәжірибелері туралы ойлары

Трансперсоналды зерттеулерде адам өз санасының трансперсоналды қабаттарымен түйіскендегі басынан кешіретін психологиялық тәжірибелері адамзат тарихындағы діндердің рухани практикаларында ғасырлар бойы, бұрыннан айтылып келе жатқан белгілі мистикалық феномендерге ұқсайтыны жан-жақты дәлелдейді. Ал сананың қалыптан тыс жағдайларына (ASC) есік ашатын шарттар немесе технологиялар мәселесінде С. Гроф діндердегі тәсілдер мен лабораториялық (психиатриялық, психологиялық) сипаттағы жаттығулар немесе эксперименттерге ортақ белгілерін негіздейді. Ол – діни аскезаға жататын биологиялық ашығу (ораза), сенсорлық және әлеуметтік оқшаулану, немесе, керісінше, белгілі сенсорлық ауртпалықтар (шаманизм, суфизм, т.б. дәстүрлерлеріндегі дабыл, қоңырау, т.б. Соқпалы музыкалық аспаптардың үніне, ырғағына ұзақ уақыт берілу, транс шақыратын ритуалды билер, ұйқыны тежеу, адам денесіне қатты ауырлық түсіру, немесе ерекше тыныс алу жаттығулары, т.с.с.). Медицинада синтетикалық психоделиктерді қолдану тәжірибесі ежелгі үнді, т.б. тайпаларының «қасиетті» өсімдіктердің тұнбасын ішу, тұтатып түтінін иіскеумен қол жеткізетін белгілі психикалық құбылыстарға ұқсайтынын байқатқан. Мысалы, құрамында психо-қоздырғыш заттары бар (қазіргі ғылыми зерттеулер бойынша), улы шөптер тобына жататын кейбір табиғи өсімдіктер көптеген халықтарға таныс: жусан, гармала (хармала – арабша; басқаша: адыраспан, ысырық,

үзерлік, могильник), т.б. Адыраспан шөбін араб бәдәуилері, түркі емшілері кеңінен қолданғаны белгілі. Орталық Азия халықтары арасында гармаланы тұтату үйді аластау, рухани атмосфераны қалыптастыру мақсатында ауаға хош иісті тарату және емдік-сауықтыру шарасы ретінде кеңінен тараған. Йеменде, т.б. елдерде гармаланы депрессияға қарсы дәрі ретінде қолданған.

С. Гроф мектебінде қолданылатын «холо-троптық тыныс алу» өзін-өзі тану және сауықтыру техникасы мен ежелгі діндердегі, мысалы, әсіресе үнділік жүйеде көне замандардан бері қалыптасқан тыныс алу дәстүрі (пранаяма) арасындағы ұқсастық туралы мәселе орынды қозғалады. Холотроптық тыныс алуда музыка және дене қимылдары еркіндігі арқылы адам өзінің түпсанасының терең қабаттарында жасырылған ғұмырнамалық, перинаталдық және трансперсоналды ақпараттарға, жеке психиканың осы шеңберлеріне, ареалдарына қол жеткізеді деп есептеледі [17, с. 84]. Ұзақ жылдар бойы трансперсоналды психология белсенділері, ең әуелі С. Грофтың өзі, оның жақтастары сананың қалыптан тыс халдерінің сауықтыру мүмкіндіктерін насихаттап келеді [19].

«Тыныс алудың емдік құдыреті» деген мәселені көтерген С. Гроф индустриалды дамудан бұрынғы ежелгі мәдениеттерде тыныс алуға үлкен мән берілгені жайлы жазады. Халықтар дем алуға (тыныс алу құбылысына) табиғат, адам денесі, жан мен рух арасын байланыстырып тұрған шешуші байланыс жүйесі деп қараған. Мәселен, көне үнділік әдебиетінде «прана» сөзі тек физикалық дем алу және ауаның өзі емес, «тіршіліктің киелі мәні» деп қарастырылады [17, с. 85]. С. Гроф осы жерде дәстүрлі қытай медицинасын, олардағы «ци» ұғымын, ежелгі гректердегі *pneuma* ұғымын мысалға келтіреді. *Pneuma* сөзінің мағынасы ауа, дем алу, рух және тіршілік көзі болған. Көне еврей дәстүрінде «руах» сөзі қасиетті рухты да, тыныс алуды да белгілеген. Ал осы жерде өз тарапымыздан (автор – С. Н.) Құранда Жаратушы адам баласына «рух үрледі» деген сөздің барын, сол сияқты арабша «нафс» сөзі «жан», сонымен бірге «дем алу» мағыналарын да білдіретінін еске салғанды жөн көреміз. Сопылар рухани жаттығуларында тыныс алу жағына қатты көңіл бөлгені жақсы белгілі. Қожа Ахмет Ясауи дәстүрінде «ара» зікірін орындау тыныс алу ережелеріне (бақылауда ұстауға) құрылған [20]. С. Гроф буддизмдегі «анапа-анасати» деп аталатын жаттығудың маңызын арнайы талдайды: ол «тыныс алуды пассивті түрде үнемі бақылау», тура мағынасында бұл термин «тыныс алуға назар» деп аталады, Гаутама Будданың өзі осы әдісті үнемі қолданса

«нирванаға» жеткізеді деп кеңес берген деседі [17, с. 87]. Өкінішке орай, «материалистік ғылымда тыныс алу өзінің қасиетті мәнінен ажыратылды, жан мен рухпен байланысынан алыстатылды», ол тек физиологиялық қызмет деп қарастырылатын болды, деп қорытындылайды ізденімпаз ғалым [17, с. 87].

Сонымен қатар, С. Гроф шамандық практикалар мен тәжірибелерді талдайды. Айта кету керек, Батыс антропологиясында шаманизм сөзі кең мағынада да қолданыла береді, яғни кез-келген визионерлік мистикалық тәжірибелерге қатысты термин ретінде (Советтік және постсоветтік этнографияда, мысалы, қазақы сопылықтың көріністерін, сопы-емшілердің экстаздық халдерін, ишандардың зікірлерін – бәрін «шаманизм» дегені секілді). Мысалы, Мирча Элиаде шаманизмді «кең мағынадағы дін» деп анықтайды [21, с. 6]. Грофтың өзі де шаманизмнің «кең мағынадағы мәні» бар екенін, ол барлық дәстүрлі емші-практиктер, сәуегейлердің тұлғаларына біріктіретінін атап өтеді [22, с. 6]. Ал қазіргі қазақстандық дінтану ғылымы контекстінде «шаманизм» және «шаман» сөздерін осы формада, халықаралық термин ретінде қалдырған дұрыс деп есептейміз. Ежелгі түркілер визионер-шаманды «кам» деп атаған, ал «шаман» (*shaman*) сөзінің мәдени-рухани мазмұны кейінгі бақсы (бахши) сөзіне дәлме-дәл келмейді, эквивалент емес [23, 299 б.]. Әрине, сонымен бірге сопылық пен ежелгі шаманизмнің арасында белгілі бір ұқсастық, сабақтастық бар екенін жоққа шығару да дұрыс емес.

Практикалық психологиядағы «трансформациялық дағдарыс» ұғымына сәйкес келетін «шамандық дерт» туралы С. Гроф былай деп жазады: «Әртүрлі мәдениеттерде емші, бақсылар ретінде қызмет еткен, ер және әйел шамандардың қызметі өзінен-өзі пайда болған мазасыз рухани халдерден басталған. Антропологтар оған «шаман дерті» деген ат қойғаны белгілі. Ондай жағдайларда әдетте болашақ шаман өзінің күнделікті ортасынан психологиялық және физикалық мағынада ажырап кетіп, өте күшті холотроптық халдерді басынан кешірген. Дертті жағдай өзінің шарықтау нүктесіне жеткенде өлімнің және жансыз денесінің бөлшектенуін сезіну тәжірибесіне әкеліп тіреді, содан соң жаңғыру, биікке көтерілу және көкке ғажайып самғау халдері орын алады [17, с. 128]. Ол сәттерде құстарға айналу, мәселен, бүркіт, қаршыға, дауылпаз немесе кондор, және Ғаламдық Күн патшалығына ұшып бару...».

Жалпы, шаманның табиғат, жануар күштерімен, олардың архетиптік қырларымен

етене қауышуы, аспанға «саяхаттары» егер сәтті өтсе, олардың мол шипалық әсері, салдары байқалады, деп жазады С. Гроф. [17, с. 128]. «Сол тәжірибелер мазмұнында, нәтижесінде шаман эмоциялық, психосоматикалық, тіпті физикалық сырқаттарын айығады. Олардың өзінің еркінен тыс басынан кешірген рухани тәжірибелерінің барысында «аурудың энергетикалық және метафизикалық себептеріне терең бойлау мүмкіндігі туады, сөйтіп өзін және өзгенің дертін емдеуді үйреніп игереді». Инициациялық дағдарыс нәтижелі аяқталса (қазақ мифологы С.Қондыбай рухани инициацияны «жетпек» деп аударған), қарапайым адам қасиетті шаманға айналады және өз халқына толыққанды әрі қастерлі қауым мүшесі ретінде қайта оралады. Сөйтіп ол жрец, көріпкел әрі емші рөлдерін бірдей өз мойнына алады. «Шамандық дерт» құбылысын талдауда С. Гроф ежелгі мәдениет өкілдері өздері құрметтейтін шамандарды есі ауысқан, нерв-психикалық ауруларға шалдыққан жәй адамнан жақсы ажырата білген, ол екі нәрсені шатыстырмаған деп көрсетеді. Оның басты себебі, нағыз шаман психо-рухани дағдарыстан сәтті өтіп, жеңіп, сананың холотроптық халдерінің барлық оқиғалары мен сынақтарын дұрыс қабылдап, трансформацияланған тұлға деп есептейді. Бұл мәселеде С. Грофтың түсіндірмелерін нақты мысалдармен дәлелдейтін трансперсоналды психология бағытындағы белгілі антрополог Роджер Уолштың «Шаманизм рухы», «Руханият жүрегі», т.б. еңбектерін, діни мистицизм мен психология байланысын ашатын тамаша зерттеулерін де атауға болады [24].

Қорытынды

Үшінші мыңжылдыққа аяқ басқан адамзат бірқатар түбегейлі жаңаша жаһандық үрдістерді басынан кешіріп жатыр. Соның ішіндегі аса маңызды бір үрдіс – ғылыми пәндердің өзара жақындасып, интеграциялануы, тіпті ғылым мен философия, ғылым мен діннің жақындасуының, конвергенциясының белгілері байқалады. Әлеуметтік ғылымдар тобына жататын психология және дінтану ғылымдарының арасында өзара түсінісу, ықпалдасу дамып келеді. Әсіресе ол үрдіс эксперименталды психология мен діни мистицизм тәжірибелері төңірегіндегі ортақ феномендерді зерттеуге қатысты дискурста көрініс береді. Сонымен қатар, заманауи психологияның әртүрлі мектептері де бір-бірімен пайдалы сұхбатқа келіп, тәжірибе алмасуының белгілері байқалады. Ежелгі Плотиннен кейінгі Шри Ауробиндоға дейінгі

Біртұтастық туралы ілімдерді жинақтап біріктірген американдық философ Кен Уилбердің (1998 жылы жарық көрген «Ақыл мен жанның некесі: ғылым мен діннің интеграциясы» атты кітаптың, тағы басқа бестселлерлердің авторы) «интегративті психология» әдістемесі бойынша психологияның барлық мектептерінің сұхбаттасуы – адамзат санасы мен өркениетінің эволюциясы тұрғысынан толғағы жеткен проблема болып табылады. Батыс пен Шығыстың адам руханиятын тану жолындағы құнды тәжірибелерін үйлестіру қажеттігін негіздеуге (яғни «батыс ғылымы + шығыс руханияты» формуласын) басқа да танымал ғұламалар – гуманитарлық һәм нақты және жаратылыстану ғылымдарының көрнекті өкілдері үн қосуда. Осы тұрғыдан алғанда С. Грофтың трансперсоналды психология аясындағы трансформациялық әлеуеті дәлелденген феноменалды психологиялық тәжірибелердің әлемдік діни мистицизммен салыстырмалы-типологиялық байланысына қатысты ғылыми тұжырымдарының қазіргі заманғы психология ғылымына, дінтану, дін психологиясы пәндері үшін маңызы зор екені айқындалады.

Жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелерінен трансперсоналды психологияның жаңашылдығы Батыстың эксперименталды психологиясын дәстүрлі Шығыстық рухани тәжірибелер мен діни-мистикалық білімдермен ұштастыруға тырысып, өзара түсіністікті жан-жақты негіздеуге бағытталуы екенін көрдік. Трансперсоналды психология бағытындағы зерттеулер ежелгі данышпандар, мистиктер дәлелдеген ұлы қағида – Сананың Универсумның өзінен бастау алатынын растады, психика материалдық субстратқа тәуелді емес (оның туындысы емес) және адам санасының жаратылысында оның өзінің бастапқы тұтастығына деген холотроптық ұмтылысы, интенциясы жатқанын, сол себептен рухани практикалар және ғылымиланған психологиялық сеанстар кезінде адамның Эгосының шекарасы «кеңейіп», трансперсоналды деңгейлермен, жеке психикадан жоғары «өмірден бұрынғы» қалыптар мен рухани тәжірибелерді сезініп, нәтижесінде өзін-өзі терең тануына, рухани күйзелістерден, түрлі психикалық дерттерден айығуына қол жеткізеді деген тартымды тұжырымдарды негіздеді.

АҚШ-тың атақты психологы, жан дүниенің шипагері болуға ұмтылған дәрігер, гуманист-ойшыл С.Грофтың қызықты еңбектерінде, әлем аудиторияларына арналған әсерлі бейне-дәрістерінде діни мистицизм, шамандық практикаларда, йога мен буддизм, мұсылмандық

суфизм (тасаввуф, сопылық), кейбір ежелгі христиан секталары тарихында байқалған сана құбылыстарына психиатрияға тән скепсиспен, «психопатология» айдарын тағу ниетімен емес, керісінше, үлкен құрметпен қарап, діни мистицизмдегі тәжірибелерге «холотроптық сана» ұғымы тұрғысынан баға беруге тырысу керек деген басты идеясын қазіргі ғылым, тіпті адамзат болашағының ортақ мүдделері үшін гуманитарлық сұхбат платформасын жасауға негіздеме бола алатын жаңашылдық деп бағалауға болады. Сонымен бірге, С. Гроф дін атаулыға құлай сенуден аулақ, діндерге талғаммен қарайтын ғұлама екенін де ұмытпаған жөн: ол діндердегі жеке психологиялық тәжірибелерді жүзеге асыратын шынайы руханилық пен саяси ұйымдасқан діндердің идеологиясы мен догмаларының арасындағы принципті айырмашылықты ескеруге әрдайым шақырады [17, с. 306]. Замана ғұламасы қазіргі жаһандық дағдарыстың барлық түрлерінің шын себебі Адамзат Санасының дағдарысында жатқанын дәлелдейді [6, р. 135].

Әдебиеттер тізімі

- 1 James W. The Varieties of Religious Experience: A Study in Human Nature. – Adelaide, 2009. – 284 p.
- 2 Sutich A. The Emergence of the Transpersonal Orientation: A Personal Account // The Journal of Transpersonal Psychology. – 1976. – Т. 8. – №1. – P. 5–19.
- 3 Константинов А.В. Гроф Станислав // [Электронды ресурс] URL: <https://old.bigenc.ru/psychology/text/1932168/> (Қаралған күні: 08.02.2026)
- 4 Grof S. LSD Psychotherapy. – Pomona, CA: Hunter House, 1980. – 352 p.
- 5 Grof S., Grof C. Beyond the Death: The Gates of Consciousness. – London, 1981. – 96 p.
- 6 Grof S. The Transpersonal Vision. – California, 1998. – 146 p.
- 7 Grof S. Beyond the Brain: Birth, Death and Transcendence in Psychotherapy. – New York, 1985. – 526 p.
- 8 Grof S. Psychology of the Future: Lessons from Modern Consciousness Research. – New York, 2000. – 361 p.
- 9 Гроф С. За пределами мозга. Рождение, смерть и трансценденция в психотерапии / пер. с англ. – М., 2005. – 497 с.
- 10 Wilber K. Introduction to Integral Theory and Practice: IOS Basic and the AQAL Map // AQAL Journal. – 2005. – Т. 1. – №1. – P. 1–38.
- 11 Тейяр де Шарден П. Феномен человека. – М., 1987. – 240 с.
- 12 Masi M. The Integral Cosmology of Sri Aurobindo: An Introduction // Integral Review. – 2023. – Т. 18. – №1. – P. 512–552.
- 13 Russell P. From Science to God: A Physicist's Journey into the Mystery of Consciousness. – California, 2004. – 131 p.
- 14 Юнг К.Г. Архетип и символ. – М., 1991. – 304 с.
- 15 Психология бессознательного. – М., 2010. – 352 с.
- 16 Булекбаев С., Халыков К. О параллелях между мировоззрением Древнего Востока и теоретической физикой // Central Asian Journal of Art Studies. – 2020. – Т. 5. – №1. – С. 2–16.
- 17 Гроф С. Исцеление наших самых глубоких ран. Холотропный сдвиг парадигмы / пер. с англ. – М., 2013. – 400 с.
- 18 Казанский К. Суфизм с точки зрения современной психопатологии. – Самарканд, 1905. – 154 с.
- 19 Гроф С. Визионерское путешествие: часть 2. – Центр холотропной терапии, 2014 // [Электронды ресурс] URL: <https://www.youtube.com/watch?v=W18gJ8uTVZE&t=1514s> (Қаралған күні: 08.02.2026)
- 20 Алимов Х. Зикр как психологический способ обрести мистические состояния в суфизме // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – Астана, 2024. – №4. – С. 359–368.
- 21 Элиаде М. Шаманизм: архаические техники экстаза / пер. с англ. – Киев, 2000. – 480 с.
- 22 Гроф С. Величайшее путешествие: сознание и тайна смерти. – 2019 // [Электронды ресурс] URL: <https://kniga-online.com/books/religija-i-duhovnost/jezoterika/163694-stanislav-grof-velichaishee-puteshestvie-soznanie-i.html> (Қаралған күні: 08.02.2026)
- 23 Кенжетай Д.Т., Нуртазина Н.Д., Қыдыр Т.Е. Ясауи феномені және Орталық Азия тарихындағы әулие ишандар. – Алматы, 2025. – 313 б.
- 24 Walsh R. The Spirit of Shamanism. – Los Angeles, 1991. – 285 p.

Transliteration

- 1 James W. The Varieties of Religious Experience: A Study in Human Nature. – Adelaide, 2009. – 284 p.
- 2 Sutich A. The Emergence of the Transpersonal Orientation: A Personal Account // The Journal of Transpersonal Psychology. – 1976. – Vol. 8. – N 1. – P. 5–19.
- 3 Konstantinov A.V. Grof Stanislav [Grof Stanislav] // [Elektrondy resurs] URL: <https://old.bigenc.ru/psychology/text/1932168/> (Qaralghan kuni: 08.02.2026). (In Russ)
- 4 Grof S. LSD Psychotherapy. – Pomona, CA: Hunter House, 1980. – 352 p.
- 5 Grof S., Grof C. Beyond the Death: The Gates of Consciousness. – London, 1981. – 96 p.
- 6 Grof S. The Transpersonal Vision. – California, 1998. – 146 p.
- 7 Grof S. Beyond the Brain: Birth, Death and Transcendence in Psychotherapy. – New York, 1985. – 526 p.
- 8 Grof S. Psychology of the Future: Lessons from Modern Consciousness Research. – New York, 2000. – 361 p.
- 9 Grof S. Za predelami mozga. Rozhdenie, smert' i transcendenciya v psihoterapii [Beyond the Brain: Birth, Death and Transcendence in Psychotherapy] / per. s angl. – M., 2005. – 497 s. (in Russ)
- 10 Wilber K. Introduction to Integral Theory and Practice: IOS Basic and the AQAL Map // AQAL Journal. – 2005. – Vol. 1. – N 1. – P. 1–38.

11 Tejjar de Sharden P. Fenomen cheloveka [The Phenomenon of Man]. – M., 1987. – 240 s. (in Russ)

12 Masi M. The Integral Cosmology of Sri Aurobindo: An Introduction // Integral Review. – 2023. – Vol. 18. – N 1. – P. 512–552.

13 Russell P. From Science to God: A Physicist's Journey into the Mystery of Consciousness. – California, 2004. – 131 p.

14 Jung K.G. Arhetip i simvol [Archetype and Symbol]. – M., 1991. – 304 s. (in Russ)

15 Psihologija bessoznatel'nogo [Psychology of the Unconscious]. – M., 2010. – 352 s. (in Russ)

16 Bulekbaev S., Halykov K. O paralleljah mezhdru mirovozzreniem Drevnego Vostoka i teoreticheskoy fizikoj [On the Parallels Between the Worldview of the Ancient East and Theoretical Physics] // Central Asian Journal of Art Studies. – 2020. – T. 5. – N 1. – S. 2–16. (in Russ)

17 Grof S. Iscelenie nashih samyh glubokih ran. Holotropnyj sdvig paradigmy [Healing Our Deepest Wounds: The Holotropic Paradigm Shift] / per. s angl. – M., 2013. – 400 s. (in Russ)

18 Kazanskij K. Sufizm s tochki zrenija sovremennoj psihopatologii [Sufism from the Perspective of Modern Psychopathology]. – Samarkand, 1905. – 154 s. (in Russ)

19 Grof S. Vizionskoe puteshestvie: chast' 2 [Visionary Journey: Part 2]. – Centr holotropnoj terapii,

2014 // [Elektrondy resurs] URL: <https://www.youtube.com/watch?v=W18gJ8uTVZE&t=1514s> (Qaralghan kuni: 08.02.2026). (in Russ)

20 Alimov H. Zikr kak psihologicheskij sposob obresti misticheskie sostojanija v sufizme [Dhikr as a Psychological Way to Attain Mystical States in Sufism] // Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Serija: Istoricheskie nauki. Filosofija. Religiovedenie. – Astana, 2024. – N 4. – S. 359–368. (in Russ)

21 Jeliade M. Shamanizm: arhaicheskie tehniki jekstaza [Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy] / per. s angl. – Kiev, 2000. – 480 s. (in Russ)

22 Grof S. Velichajshee puteshestvie: soznanie i tajna smerti [The Ultimate Journey: Consciousness and the Mystery of Death]. – 2019 // [Elektrondy resurs] URL: <https://kniga-online.com/books/religija-i-duhovnost/jezoterika/163694-stanislav-grof-velichaishee-puteshestvie-soznanie-i.html> (Qaralghan kuni: 08.02.2026). (in Russ)

23 Kenzhetaj D.T., Nurtazina N.D., Qydyr T.E. Yasawi fenomeni zhane Ortalyq Aziya tarihyndagy aulie ishandar [The Yasawi Phenomenon and Saintly Ishans in the History of Central Asia]. – Almaty, 2025. – 313 b. (in Kaz)

24 Walsh R. The Spirit of Shamanism. – Los Angeles, 1991. – 285 p.

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Samat Ruslanұлы Нұртаза

PhD докторант, халықаралық құқық саласының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті. Астана, Қазақстан, email: samatnurtaza@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-2883-3625

Samat Ruslanuly Nurtaza

PhD докторант, магистр в области международного права, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Астана, Казахстан, email: samatnurtaza@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-2883-3625

Samat Nurtaza

PhD Student, Master of Arts in International law, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, email: samatnurtaza@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-2883-3625

